

**Ильясова Б.К., г.ғ.м., оқытушы**

**2.3 Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақ хандығы XV-XVIII ғасырдың басында. Қазақтардың XIV – XVIII ғасырдың басындағы мәдениеті**

**Жоспар:**

1. Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер.«Қазақ» этнонимі. Жүздердің пайда болуы
2. Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ хандығының XVI- XVIII ғ. басындағы саяси жағдайы
3. Тәуке ханның «Жеті жарғысы»

**Әдістемелік нұсқау:** Бұл тақырыпты оқыту барысында студенттерге XIV–XV ғасырлар Қазақстан тарихында қазақ этносының қалыптасуы кезеңі екенін түсіндіру маңызды. Бұл кезеңде Қазақстан аумағында этникалық үрдістер ұзақ мерзімді интеграция нәтижесінде жүрді, оның аясында бұрын Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан және басқа мемлекеттердің құрамында болған тайпалар біртұтас этникалық бірлікке айналды.

Ерекше назар аудару қажет этноним – «қазақ». XV ғасырда оның бекітілуі саяси тәуелсіздіктің белгісі ғана емес, мәдени дәстүрлер, тіл және тарихи тағдырға негізделген жаңа этникалық бірліктің пайда болғанын көрсетті. Сонымен қатар, жүздер концепциясына мән беру керек. Жүздер – ру мен тайпаларды экономикалық мүдде мен мәдени дәстүр арқылы біріктірген саяси-әлеуметтік ұйым формасы. Олар көшпелі қоғамның икемділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Студенттерге Қазақстандағы хандық құрылыс тарихында маңызды кезең ретінде Қазақ хандығының (1465/1466 жж.) құрылуын түсіндіру қажет. Керей мен Жәнібек хан негізін қалаған бұл мемлекет бірден көрші мемлекеттер – өзбектер, ойраттар және басқа күштермен қарым-қатынаста өзінің саяси орнын нығайту қажеттілігіне тап болды. XVI–XVII ғасырларда Қазақ хандығы даланың ірі мемлекеттерінің бірі болып, халықаралық қатынастарда белсенді рөл атқарды.

Тәуке хан (1680–1715 жж.) реформалары ерекше орыналады. Оның заңдар жинағы – «Жеті Жарғы» – хандықтағы құқықтық жүйенің негізі болып, қоғамдағы қатынастарды реттеді, әдет-ғұрыптық нормаларды бекітті және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етті. Бұл заңдар Қазақ хандығының саяси және құқықтық жетілгендігін көрсетеді. Осылайша, «Жеті Жарғы» – қазақ халқының ауызша және жазбаша құқықтық дәстүрін біріктірген, мемлекеттілікті сақтаудағы негізгі құжаттардың бірі болды.